



# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ II

Жак Деррида «Difference/Ажырату»



**Дәрістің мақсаты:** Жак Дерриданың «Differance» – ажырату ұғымының мағынасымен танысу.

**Кілт сөздер:** ажырама, өзгешелік, айырмашылық, кеңістік, уақыттандыру, т.б.

Жак Деррида – қазіргі заманғы француз деконструкциялау ағымының негізін салушы ғалым. Ол батыс елдерінде шығармалары әлі күнге дейін маңызын жоймаған, көп талас тудырған және ең жиі оқылатын ойшылдардың бірі.

Деррида өзінің 1968 жылы жариялаған «Differance» атты эссесінде ой мен шындықтың бәрін мүмкін ететін кеңістіктегі және уақыттағы қозғалысты сипаттайды. Осы еңбегі арқылы ол жаңа бір ұғым «Differance» – қазақша баламасы Ажырату терминін қалыптастырды. Дерриданың бұл жаңашыл идеясын дәйектеу үшін ол Соссюрдің, Хайдеггер мен Ницшенің жұмыстарын зерделейді. Ол, сондай-ақ, Анаксимандр секілді Сократқа дейінгі философтарға сілтеме жасайды.

Соссюр тілде мазмұн жоқ деді. Тілдің бәрі айырмашылықтардан құралады. Тілде мазмұн жоқ, пішін ғана бар, демек тілдің барлық мазмұндық бірліктері өздерінен тысқары жатқан басқа заттардың көмегімен жасалған, алайда бұл сыртқы мінездемелер шын мәнінде олардың құрылымы үшін ішкі мағынаға ие. «Пішін» деген материалды белгілі бір парапарлыққа не субстанцияға айналдыратын сыртқы дүние. Тілдің барлық элементтері, олар айырмашылықтар желісі арқылы пайда болғандықтан ғана парапарлыққа ие және әр элементтің өзі одан ары шексіз саралаудан тұратын болады.

Дерриданың пікірінше, біздің ой мен болмыс жайлы түсінігіміз осыған ұқсас процестермен басқарылады. Дәстүрлі философияда біз дүниедегі шынайы қатысулар мен мазмұндарды көреміз және біздің идеяларымыз олардың шынайы екеніне кепілдік беретін түсініктерге ие. Деррида – идеялар тілдің бірліктері секілді; олар айырмашылықтар әсерімен пайда болады; идеяларда оларды нәтижелер ретінде түрлендіретін айырмашылық желілерінен тыс, яғни әрқайсысы өзге элементтер мен өзге айырмашылықтардың ізімен жүретін мазмұн жоқ деген пікірді дәлелдеуге тырысты. Бірақ, әрине, тілдегі сияқты, оларды тудыратын процестердің қатысуы, жекелей алғанда әсері жоқ, мардымсыз.

Бұл эсседе, ол қатысуды дүниеге әкеліп, ұлғайтатын айырмашылық әрекеті жайлы айту үшін екі осьті пайдаланады. Біріншісі – уақыт. Біз әлдене жайлы ойлағанда оны нақты «осы сәтте» игере алмаймыз, себебі уақыт тоқтаусыз және «осы сәт» те тоқтаусыз өтіп кетеді. Сол сияқты, кез келген осы сәт болашақ осы сәттердің бастауы және ол ылғи қозғалыс үстінде болады. Екінші ось – кеңістік және айырмашылық жайлы дәл сондай процесс, осы шақтың кеңістік тұрғысынан кесімді біркелкілігіне тіреледі. Ой немесе идеяның кеңістікте орналасқан ықтимал нысанының бірегейлігі мен бар болуы, тек қана өзге заттардан айырмашылығы арқылы анықталады.

Айырмашылықтың бар болғандығына көлеңке түсіретін бұл әрекетін сипаттайтын тағы бір термин – «із». Сана және қабылдаудың идеялары мен ойларының бәрінде өзге заттардың, өзге сәттердің, өзге «бар болғандықтың» ізі бар. Өзге заттардың ізін басып жүру дегеніміз – «өзгеру» дегенді білдіретін «ұқсамаудың» көлеңкесінде қалу деген сөз.

Деррида бұл эссесін «sumplope» не «болмыстың бірігуі» деген Сократқа дейінгі түсінікке сілтеме жасап қорытындылайды. Оның Differance концептісінің айтпағы болмыстағы нәрсенің бәрі шартты түрде байланысқан деген түсінік. Біз оларды бөлшектеп тастай аламыз, бірақ ол бөлшектер таза және бірегей, не оларды қоспасыз бірегейліктер деп түсінбеуіміз керек. Олар қатынас пен айырмашылықтың өзге процестерінің нәтижелері. Деррида өзге еңбектерінде де мұның мағынасы – заттардың бәрі белгілер мен болмыстың барлық бөлшектері бір-біріне сілтеме жасап, бір-біріне мағына береді және өздері де басқа бөлшектердің символдары. Демек болмыстың өзі «мәтіндік» дегенді айтады. Егер біз жазу жайлы ол белгінің белгісі деген (санадағы сөйлесудің жазылған белгісі) дәстүрлі түсінікті ойымызда ұстасақ, онда күллі болмыс графикалық немесе жазу түрінің бірі болып шығады. Ойдың бастауында бар екені күмән тудырмайды, қайта бұл Деррида «архи-жазу» деп атайтын нәрсе, мұнымен ол «differance»-нің кеңістіктік-уақыттық қозғалысын меңзейді.



Деррида Соссюрдің айырмашылықтың философиялық концептісі жайлы түсінігін ұсынады. Тілдегі белгілер бір-бірінен айырмашылығы арқылы анықталады дейді ол. Ол ақылмен түсінуге, сезінуге болатынның, табиғат пен мәдениеттің, идеялық пен физикалықтың, т.б. арасындағы философиялық қайшылық differance-ден туғандай көрінуі мүмкін деген әйгілі пікірін айтады. Деррида лингвистикада қалыптасқан «difference» – өзгешелік ұғымына қоса, өзі шартты түрде «differAnce» – ажырату деп атаған жаңа терминге былайша түсінік береді:

«Өзгеру» етістігі *différer* өзінен өзгешеленетіндей көрінеді. Бір есептен, ол өзгешелікті – ерекшелік, теңсіздік, айырмашылық ретінде белгілейді; екінші жағынан ол кідірістің килігуін бейнелейді, осы сәтте жоққа шығарылғанды «кейінге» қалдыратын, яғни осы сәтте жүзеге асырылуы мүмкін емес болып тұрған нәрсені кейін жүзеге асыруды мүмкін ететіндей, оны кеңістік пен уақытқа бағындырудың аралық өлшемін көрсетеді.

Қарапайым тілмен былай айтайық француз тілінде «difference» деген сөз бар. Ол өзгешелену, бірдей емес дегенді білдіреді. «*Differer*» етістігінен пайда болатын «*differant*» есімшесі бөліну немесе бірдеңеге кедергі келтіру деген мағынаны береді. Деррида осы екі сөзден «*differance*» деген терминді ойлап тапты. Философ осы жаңа сөзді лексикондағы сөздің болмағанын растайтын фактілермен қарастырылмайтын барлық түсініктерді көрсету үшін құрған. «*Difference*» пен «*Differance*» бірдей дыбысталады. Осы екеуінің айырмашылығын тек жазу кезінде ғана көре аламыз.

Жаңа сөз жаңа идея болып табылмайды. Ол тек шешілмейтін түсінігін қайта қарастырады. Енді «тіл», «ой» және «түсінік» тұрақсыз және көпмағыналы болып көрінеді. Бұл осы мәселеде осы терминдерге сеніп, оларды қолдануға бола ма деген ой тудырады. Алайда бұл терминдерді дұрыс қолдану бойынша шешім уақыт кеңістігімен алыстатылған. Дерриданың айтуынша кез келген түсініктің мәні дәл сол уақыт анық болмайды, оны уақыт өте ғана түсінуге болады.

Ал енді Дерриданың *differance* терминіндегі өзгертілген әріп жайлы берген түсінігіне назар аударайық.

«Бұл өзгеріс – жазу жайлы жазудың және жазу түріндегі жазудың барысында өте қажет сияқты; жазуды және оның ережелерін басқаратын заңдылықты бұзуда өрескел орфоэпикалық қателіктерге ұшырауға мәжбүр. Алайда ойды жазбаша беру процесінде маңызды екені де рас. Шындығында біз бұл орфоэпиялық қателіктерді түзете не азайта аламыз және ережелер бір-бірінен теория жүзінде, аналитикалық тұрғыда бөлек, ал практикалық мақсаттар үшін бірдей болғандықтан, оларды маңызды, не орынсыз, не қарапайымдылығына қарай қызықты деп тауып жатамыз. Бұндай бұзу әрекетіне тыныш қана елемеген сыңай танытсақ та, танытпасақ та, біздің әуелден оған назар аударуымыздың өзі, әріптік өзгерістің дыбыссыз болса да, алмасқан сипатын мойындауымызға мүмкіндік береді. Бірақ әрқашан да біз мұның маңызын елемей-ақ әрекет ете аламыз. Басынан-ақ менің мақсатым бұл мылқау қатені ақтап алу емес, оның мазасыз сипатын шиеленістіру екенін айтқаным дұрыс», – дейді ол.

Оқылуы бірдей болса да, ағылшын тіліндегі *difference* нұсқасынан – «a» әрпінің өзгеше жазылуы арқылы жасалатын *differance* сөзі, өз-өзіне ұқсамайтын өзгешеленуді білдіре алады, кеңістікке бағындыру/уақытқа бағындыру мен әрбір бөлектеуді (диссоциацияны) сипаттайтын әрекет секілді болады. Айырмашылықтан (*difference*) басқа болғандықтан, өзі де уақыт шегін анықтаушы болып табылатын ажыратылу (*differance*) – уақыт шегін анықтаудың тоқтаусыздығын танытады. *Differance* жай ғана белсенді бастау емес; бұл ортақ етістігін білдіре отырып, немқұрайлық пен белсенділіктің арасындағы қарсылықтың негізін қалайды. «A» әрпінің арқасында, *differance* классикалық тілде айырмашылықтардың [*difference*] бастауы мен өніп-ұлғаюы және айырмашылықтар арасындағы өзгешеліктер айырмашылықтардың ойыны дегенді білдіреді. Тіл айырмашылыққа жүгінген кезде, оның орналасқан жері мен әрекеті сарапталатын болады.

Ең алдымен Деррида үшін ажырату деген, ол сөз де, концепті де емес, Деррида өмір сүрген «дәуірдің» сипаттамасын түсінуге, бәлкім тіпті игеруге тырысып көруге көмектесе алатын, стратегиялық жағынан ең қолайлы, тақырып болып көрінеді. Деррида стратегиялық тұрғыда «өзі» өмір сүрген кеңістікке тән және уақытқа тән нүктеден бастаған, тіпті, оның бастауы түбінде ақталмаса да және әрдайым өзінің кім және қайда екенін, сондай-ақ, «дәуірдің» шегарасы не болуы мүмкін екенін ажыратудың және «тарихтың» негізінде ғана білуге талпына алатын күннің өзінде осылай болмақ.



«Differance» деген сөз де, тұжырым да болмайтын жағдайға қарамастан, Деррида бізді дұрыс жаққа қарай бағыттайтын қарапайым да болжалды семантикалық сараптаманы қолға алған.

Біз өзгеру – «differ» етістігінің латынның «differre» етістігі екеуінің екі бөлек болып көрінетін мағынасы бар екенін білеміз. Бұл тұрғыда латынның «differre» етістігі жай ғана гректің «diapherein» сөзінің аудармасы емес. Гректің «diapherein» сөзінің мағынасы латынның «differre» сөзінің бір мағынасын қамтымайды, дәлірегі – ол кейінге қалдыру әрекеті, уақытты есепке алу, аялдау, ұқыпты есептеу, кешеуілдеу, үнсіз қалу, айналма жол, иландыру болып табылады. Осы ұғымдардың бәрін Деррида бұрын ешқашан пайдаланбаған уақыттандыру [temporalisi] деген бір сөзге сыйдыруға болар еді. Өзгеру [to differ] дәл осы мағынасында – уақыттандыру, саналы не бейсаналы түрде айналма жолдың уақытқа сай және аялдайтын жолына жүгіну: «қалау» мен «ниеттің» іске асуын болдырмайтын не шектейтін тәртіппен, не олардың орындалуын күттіріп қоятын мәнерде жүгіну. Бұдан әрі біз бұл уақыттандыру сыналатын және ығыстырылатын трансцендентті феноменология тілінде қай аспектіде уақыт пен кеңістіктің «бастапқы негізі» екенін көре жатамыз.

Өзгерудің [différer] тағы бір кең тараған және тез танылатын мағынасы: бірдей болмау, басқаша болу, өзгешелену, т.б. Кез келген «өзгешеленетінді» алсаңыз, онда «әр түрлілер» ішіндегі түрлі элементтердің арасында орын алатын және белсенді, динамикалы, табандылықпен қайталанып келетін – интервал, қашықтық, кеңістіктендіру барын ұмытпау керек.

«Айырмашылық» сөзі, «Е» әрпімен жазылатын нұсқасы уақыттандыру ретіндегі ажыратуды немесе *rolemos* ретіндегі өзгешелікті білдіре алмайды. Бұл «А» әрпімен жазылатын ажырату сөзі жеткізетін мағына. Шүбә келтірмейтін көпмағыналылығының арқасында «А» әрпімен жазылатын ажырату [differance] аталған мағыналардың бәрінің жиынтығын жеткізе алады, бұл әрине, Деррида дамытқысы келетін дискурс үшін аса маңызды болған. Оның ойынша, тіл – интерпретация контекстінің көмегімен мағыналардың бүтін кешенімен арақатынаста болмайды, қайта осы қатынасты өз ішінде не өзі арқылы іске асырады. Немесе кем дегенде, мұны басқа кез келген сөзге қарағанда көбірек игереді: «а» әрпі differance-ні осы шақ есімшесіне [différant] және тіпті ол әрекет түрлі не айырмашылығы бар анық нәтиже берсе де, бізді «ажырату» әрекетіне, және оның үстемелі мәнеріне жақындатады.

Концептуалдық шеңберде және классикалық талаптарға сәйкес «ажырату» конституциялық, бастапқы себептілік, бөліну мен ыдыраушылық процесі, оның ішінде туындаған өнімдер мен нәтижелер болып табылатын түрлі элементтер мен айырмашылықтарды білдірсе керек.

Қорыта айтқанда, Дерриданың ұсынған «А»-әрпімен жазылатын «Ажыратуы» бейне бөтен санасыздық секілді басқаша жазу; ол рационалды да, феноменологиялық та емес, ашық саналылық немесе нақты осындағы бар болу да емес, ол бейне Ф. Ницшенің билік еркі, З.Фрейдтің жасырын санасы секілді, санасыз еркін ойын алаңы іспетті. Барлық рационализм мен метафизика түгелдей осы түрдегі өзгешелену ойынының өрнегі ғана. Дерриданың ойынша, батыс метафизикасы жасанды негізге құрылған және философия, сол жасандылықты жойып, өзгешелену әлеміне енуі керек. Мұнда бір атап өтерлігі, Деррида «А»-әрпімен жазылатын «Ажырату» қос мағыналы сөз арқылы фоноцентризмдік «біртұтастық» сөзін алмастырды. Осы ажыратудағы екі негізгі мағына, атап айтқанда уақыт жағындағы іркілу мен кеңістіктегі айырмашылық – ол уақыт іркілісін туғызған айырмашылықтың ерікті (ойын) әрекеті және бір жағынан айырмашылықтың нәтижесі болып табылады.

## Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. «Differance» сөзінің «Difference» сөзінен қандай мағыналық айырмашылығы бар?
2. Деррида өзі ұсынған жаңа терминін дәйектеу ішін қандай ғалымдардың көзқарастарына сүйенеді?



### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Julie Rivkin, Michael Ryan, *Literary Theory: A Practical Introduction* (Wiley Blackwell, 3rd edition, 2016).
2. Автономова Н.С., Деррида и грамматология // Деррида Ж. О грамматологии. – М.: Ad Marginem, 2000.
3. Ильин И.П. Теория знака Ж. Дерриды и ее воздействие на современную критику США и Западной Европы // Семиотика. Коммуникация. Стыль. – М.: ИНИОН, 1983. – С. 108-125.